



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӨОЖ 371.311

АҚПАРАТТЫҚ–КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚУ ЖҮЙЕСІНДЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Жусупова Несвельды Ельтаевна
Ишманова Майра Жумагалиевна
Брянова Айсәуле Есимжановна
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№ 22 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қостанай қаласы, Қазақстан
E-mail: Aisaula-1980@mail.ru

Аннотация

Бүгінгі таңдамұғалімдер ақпараттық–коммуникативтік технологияларды тиімді пайдаланады. Мұғалімнің басты мақсаты – өскелең ұрпақтың терең білім алып, әрбір оқушының өзін-өзі дамытуына, шығармашылықпен жұмыс істеуге ынталандыру. Ақпараттық технологиялар арқылы жалпы оқыту үрдісінің функциялары оқыту, тәрбиелеу, дамыту және шығармашылық қабілеттерін дамытумен айқындалады.

Түйінді сөздер: ақпараттық–коммуникативтік, технология, инновация.

Аннотация

Сегодня учителя эффективно используют информационно–коммуникативные технологии. Главная цель учителя–стимулировать подрастающее поколение к получению глубоких знаний, к саморазвитию каждого обучающегося, к творческой работе. Функции общего процесса обучения через информационные технологии определяются развитием обучающихся, воспитательных, развивающих и творческих способностей.

Ключевые слова: информационно–коммуникативные, технология, инновация.

Abstract

Today, teachers effectively use information and communication technologies. The main goal of the teacher is to stimulate the younger generation to acquire deep knowledge, to the self–development of each student, to creative work. The functions of the general learning process through information technology are determined by the development of teaching, educational, developing and creative abilities.

Key words: Information and communication, technology, innovation.

XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры болғандықтан бүгінгі таңдамұғалімдердің ақпараттық–коммуникативтік технологияларды құзыреттілігін арттырып, оларды сабақ барысында тиімді пайдалануына үлкен мән беріледі. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8–бабында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқудың инновациялық технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу», – деп атап көрсеткен. Сондықтан қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс–тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және инновациялық педагогикалық технологияны жетік меңгеру. Мұғалімнің басты мақсаты – өскелең ұрпақтың терең білім алып, әрбір оқушының өзін-өзі дамытуына, ой–өрісін өсіріп, шығармашылықпен жұмыс істеуге ынталандыру, өз мүддесі мен қызығуын қанағаттандыруына баулу. Ұжымдық жобаларды жүзеге асыру ауқымында жеке жауапкершілікті күшейтумен үндесетін өзіндік қабілеттерді дамытуды талап етеді. Оқушы оқыту үрдісінде алынатын білімді терең меңгеруге, оны белсенді қолдануы қажет. Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан–жақты дамыған адам болу мүмкін емес. Оқыту технологиясын таңдап іріктеу – оқушының оқу–танымдық іс–әрекетін басқарудың негізгі бір буыны боп саналады. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азамат келбетін қалыптастырады. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін оқу–тәрбие үрдісінде педагогикалық технологиялар кеңінен қолданылуда. Инновация ағылшын тілінде жаңаны енгізу, жаңаша бастау деген мағынаны білдіреді екен. Сөздің ауқымды мағынасында ғылымның жетістіктері мен озық тәжірибеге негізделген техника мен технологияларды және еңбекті ұжымдастыру мен басқару салаларындағы жаңалықтарды өмірге енгізу болып есептеледі. [1, б. 17] Бүгінгі таңда оқу үдерісінде оқытудың қалыптасқан негізгі әдістерімен қатар оқытудың жаңа әдістері, инновациялық әдістері де жиі қолданылады. Оқу үдерісінде оқытудың озық технологиясын қолдану – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Мұғалім ретінде заман талабына сай оқушылардың білімін тереңдету үшін, тілге деген қызығушылығын арттыру үшін көп еңбек етуіміз қажет. Сабақтың сапасын арттыра отырып сабақ түрлері мен әдістерін танымдылық, білімділік деңгейге жеткізу керек. Қазіргі уақыт талабына сай сабақтарымызды жаңаша ұйымдастырып, өзіндік тың ізденістерге талпынып отырамыз. Сабақ барысында оқушыларды халық педагогикасы негізінде тәрбиелеумен бірге оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, жаңа технологияларды тиімді пайдаланамыз.

Қазіргі таңда оқушыларды белгілі бір біліммен қамтамасыз ету ғана жеткіліксіз. Сондықтан мұғалім оқушылардың өз бетінше білім алуына, оның функционалдық сауаттылығын арттыруға көп мән беруі қажет. Оқушылардың жалпы білім алуымен қатар ізденімпаз, тапқыр, өз пікірін еркін жеткізетін, бәсекелестікке дайын болуға тәрбиелеу керек. Бүгінгі заман талабы – қоғамның дамуымен бірге өскелең ұрпақты іздемпаздыққа, еңбексүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Сол себепті жоғарыда аталғандарды іске асыру үшін біз өзіміздің сабақтарымызда оқушылардың ақпараттық-коммуникативтік технологияларды құзыреттілігін арттырып, оларды үнемі қолданамыз. Білімді бүгінгі заман талабына сай жаңаша, ұтымды және тиімді түрде оқушылардың санасына жеткізе білу, оқушылардың білімді қабылдау, білім сапасын арттыру, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлға ретінде жан-жақты қалыптасуы үшін ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың маңызы зор. Аталмыш технологияларды пайдалану арқылы мұғалім оқушының интеллектуалдық, рухани азаматтық келбетінің қалыптастыруына зор әсер етеді. Өзгермелі қоғамдағы жаңашыл мұғалім педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, рухани дамыған, өзін-өзі жетілдіруге талпынған тұлға. Сондықтан, нарық жағдайындағы мұғалімдерге қойылатын талаптар өте көп. Солардың бірі оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Осындай аса қажетті технологиялардың бірі – ақпараттық коммуникациялық технологиялар (АКТ). Мұны игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін қажетті шартқа айналды. АКТ-ның бүгінгі шарықтап даму кезінде осы заманға сай жан-жақты білімді шәкірт тәрбиелеу – әрбір мұғалімнің басты міндеті. [2, б. 5] Мұғалімнің негізгі міндеті – әр сабағын түсінікті, қызықты жәнетиімді өткізу. Осы мақсаты жүзеге асырудың бір жолы сабақта АКТ қолдануы болып табылады. Ол үшін оқышыларға білім беретін мұғалім өз пәнін жетік меңгерген, теория мен тәжірибені оқушылар бойына сіңіре алатын, шығармашыл, ізденімпаз, ең бастысы еңбекқор маман болуы қажет. ХХІ ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры. Компьютер оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Сабақтарда АКТ-ны қолдану мұғалім мен оқушыға да бірдей тиімді. Оқыту үдерісі барысында АКТ-ның бірі интерактивті тақтаның көмегімен сабақта тіл дамытуға арналған жаттығулар арқылы оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәніне қызығушылығын арттыруға болады. Видеобейнемен презентацияларды қолдану оқушылардың қиялын, ойлау қабілетін дамыта отырып, жаңа материалды тез қабылдауға көмектеседі.

Инновациялық жүйе – мұғалімдердің білімі мен біліктілігін, тәжірибесі мен әдістемесін, оқушылардың білімдерін, талаптарын, әріптестердің ынтымақтастығы және басқа мәселелерді қамтиды. Бұл жүйенің басты қозғаушы күші ғылым жаңалықтары, оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарындағы, ғылыми-әдістемелік зерттеулердегі, озық тәжірибелер нәтижелері мен жетістіктері болып табылады. Ақпараттық технологияларды қолданған сабақтарда оқушылар өзін белсенді және еркін, мұғаліммен тең дәрежеде ұстайды. Бұл технологияны енгізу арқылы сабақтың белсенділігін арттыруға, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға, сабақты қызықты мен тиімді жүргізуге, өздік жұмыстың көлемін көбейтуге мүмкіндік береді. Мұғалім АКТ қолдану арқылы әртүрлі сабақтарға презентацияларды дайындап, интерактивті тақта мүмкіндіктерін шебер қолдана білсе, сабақ тартымды және қызық өтеді, оқушының қазақ тілі мен әдебиеті пәніне қызығушылығын арттырады.

Ақпараттық технологиялардың бірі – интербелсенді тақта, мультимедиялық және онлайн сабақтары. Интербелсенді тақтаны тиімді қолдану арқылы мұғалімдер үлкен жетістіктерге жете алады. Сондықтан біз бұл тақтамен әр сабақты қызықты өткізуді жоспарлаймыз, қолда бар мүмкіндіктерді пайдалану арқылы оқушыларды жаңа замануи технологиясын игеруге үйретеміз. Көрнекілік материалдар даярлап, оқушылармен кері байланыс жасау үшін интербелсенді тақтаның мүмкіндіктері мол. Интербелсенді тақтаға жаңа сөздерді жазып сөздікпен жұмыс жүргізу оқушылардың сөздік қорын байытып, қажетті мәліметтерді еске сақтауына мүмкіндік береді және сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Оқушылар сабаққа белсенді қатысып, қызығушылығын оятып, ақпаратты қолайлы пайдалануға үйренеді. АКТ-технологиялары оқушылардың оқуға деген ынтаны қалыптастырады, сабақта белсенділігін арттырады. Оқушыларға қызық, ерекше нәрселер ұнайтығын білгендіктен, сабақтарымызда мультимедиялық презентацияларды, көрнекі құралдарды, тақырып бойынша видео және аудио жазбаларды жиі қолданамыз. Мультимедиялық тақтаны пайдалану сабақты қызықты әрі көркем етеді, берілген ақпарат жеңіл қабылданады және есте жақсы сақталады. АКТ технологияларын қолдана отырып, оқудағы кемшіліктерді түзету мақсатында өздеріміз құрастырған грамматикалық тапсырмаларды, тесттерді пайдаланамыз. Мұның бәрі оқушының материалды жақсы меңгеруіне жақсы ықпал етеді. Оқушылардың бәрі терең білімді, интеллектуалды, замануи техникаларды еркін меңгергенін қалаймыз.

Бүгінгі заман мұғалім қажетті білімді өз бетінше ала отырып, түрлі мәселелерді шешу үшін оларды тәжірибеде біліктілікпен пайдалануға, жылдам өзгеріп отырған өмір жағдайларына оңай бейімделуге міндет қойды. Ол дербес сыни тұрғыда ойлай білуге, білім беру барысында кездескен өзекті мәселелерді көре білуге және жаңа технологияларды пайдалана отырып оларды шешудің тиімді жолдарын табуға, өзінің алған білімдерін қоршаған ортада қай жерде, қалай пайдалануға болатынын саналы түрде түсіне білуге (ақпараттарды іздеу, өңдеу, қолдану, сақтау және тарату) қажет. Мұғалім өз адамгершілік қасиеттерін, интеллектісін, мәдени деңгейін дамыту бойынша өз бетінше жұмыс жасауға қабілетті тұлғаларды дайындау керек.

Ақпараттық технологиялар арқылы жалпы оқыту үрдісінің функциялары оқыту, тәрбиелеу, дамыту және шығармашылық қабілеттерін дамытумен айқындалады. Қазіргі білім беружүйесінде дәстүрлі білім берумен қатар ақпараттық технологиялар кеңінен қолданылуы керек. Бұған электронды білім беруге негізделген ашық және қашықтан оқыту жүйелері жатады. Бізөзіміздің сабақтарымызда Microsoft Word, Power Point, Excel, Adobe Photoshop, Internet Explore, My testX, Active Studio т.б. бағдарламаларын қолайлы пайдаланамыз.

Бұл бағдарламаларды пайдаланудың негізгі мақсатымыз:

- ақпараттық технологияларды қолдана отырып оқу–тәрбиеүдерісінің барлық деңгейін жетілдіру;
- білім үдерісінің сапасын арттыру;
- сабақты қызықты етіп өткізу арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру;
- қажетті ақпаратты іздеуді оңайлату;– оқушыны заман талабына сай жан–жақты дамыту жәнеақпараттық қоғамда өмір сүруге даярлау;
- коммуникативтік қабілеттерін дамыту;
- сабақ тақырыбына байланысты видеобейне, презентацияларды көрсету арқылы оқушылардың тынымдық қабілеттерін қалыптастырумен қатарұлт жандылық тәрбие беру;
- оқушыны шығармашылық жұмысқа баулу, өз бетінше жұмыс жасауға үйрету.

Біз өз сабақтарымызда ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың ғаламторарқылы өз бетінше ізденіп жұмыс істеугемүмкіндік жасаймыз.Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары арттыра отырып, оқушылар тақырып шеңберіндегі айтылуға тиіс мәліметтерді тиімді пайдалануға жағдай жасаймыз.

Сабақ барысында электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен жетістіктерге жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдаланған кездеоқушы екі жақты білім алады: біріншіден, пәндік білім, екіншіден, компьютерлік білім. Электронды оқулықтарды пайдалану оқушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулық арқылы оқушы ғаламтордан көптеген қосымша мәліметтердіала алады, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Өскелең ұрпақ ақпараттық–коммуникативтік технологиялар құзыреттілігін арттырып, көптеген жетістіктерге жетеді.

Тілдің қарым–қатынас қызметі жеке бірліктер түрінде емес, өзара мәлімет алысатын саналы әрекет түрінде жүзеге асады. Қоғам талабына сай қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда берілетін білім мазмұны мен оқыту әдістерін жаңғырту қажет етеді. Мұғалімнің негізгі мақсаты– оқушыларды өз ойларын еркін жеткізіп қана қоймай, өзара тіл табысып, пікір алысуға үйрету, қазақ тілінде сөйлеу қабілетін жетілдіру. Сөйлеу – тілдік қарым–қатынас барысында адамның өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік береді. Сондықтан сабақ барысындакелесіұғымдарға ерекшемән беріміз: оқушылардың тілдік қарым–қатынаста бір–бірімен тілдесуі, бір оқушының өз ойын екінші оқушыға ауызша еркін жеткізуі, айтылған ойдың оқушыға түсінікті болуы, оны қабылдау арқылы екінші оқушының оған өзіндік жауап беруі. Бұл әрекеттертілдік коммуникация арқылы жүзеге асады. Әр оқушының ерекше болмысын, тұлғалық қасиеттерін мойындау, оның тұлғалық қалыптасуына педагогикалық бақылау жүргізу керек. Жаңашыл мұғалім сабағын оқушыларынақызықты жеткізе алады. Ол өзінің сабақтарында инновациялық технологияларды тиімді пайдаланып, жақсы нәтижелерге жетеді. Бұл технологиялар оқушының ақыл–ой кемелдіктерін, өз жетістіктерін сезінетіндей жайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Оқушының қай ортада болсын, өзіндік әрекеттерді ұйымдастырып, оны басқарушы бола алатындай дәрежеге жеткізеді.Оқу үрдісін инновациялық технологиялар негізінде жүргізіп, сабақтың түрлері мен әдіс–тәсілдерін білімділік ұстанымы тұрғысында жетілдіреді.

Инновация – жаңалықты енгізу, жаңалық әкелу, жаңа әдістеме және жаңа технология деген ұғым. «Инновациялық технологияларды қолданудағы негізгі міндет: сабақ үрдісінде белгіленген мақсатқа жетуде ең тиімді әдістерді таңдай білу» деген анықтамалар берілген. Ендеше мұғалім үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Сабақты қалай пайдалы, қызықты етіп өткізуге болады? Мектептен шыққан оқушы бүгін алған білімнің пайдасы, жаңалығы туралы айта алатын дәрежеде оқыту үрдісін қалай ұйымдастыруға болады? Оқушы болашақ маман ретінде бүгінгі күн талабына сәйкес болып, жаңа кәсіби міндеттерді шешуге дайын болу үшін не істеу керек? Бұл сұрақтарды шешудің бір жолы – оқытуда инновациялық технологияны қолдану, яғни, мұғалімнің жаңа қаруы ретінде инновациялық әдіс–тәсілдерді кеңінен пайдалану. [3, б. 7]

Инновациялық технологияның ерекшеліктері мыналарды жатқызуға болады:

- мұғалімдер мен оқушылардың бірлесіп, шығармашылықпен жұмыс істейді, кері байланыс орнатады;
- оқушылардың өздері ақпараттар жинап, жаңалық ашуға ұмтылады;
- ғаламторданкерек мәлеметтердітауып, өзінің көзқарасын логикалық түрде дәлелдейді.

Бүгінде білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілді, сабағамызда олардың ішінен қажеттісін таңдап, оларды сабақтың әр кезеңінде қолданамыз. Біздің мектебімізде оқушыларға интербелсенді тақта, проектор арқылы білім алуға мүмкіндік бар. Осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалану

және оқушыларды пәнге қызықтыра алу – біздің маңызды мақсатымыз. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында АКТ қолдану арқылы оқушылар ғаламтордың шексіз ақпарат әлемінде еруге және ақпаратты жүйелі түрде талдауға мүмкіндік алады. Оқушылар ғаламтордың көмегімен жаттығулардың кешенді түрлерін аз уақытта орындау мүмкіншіліктері бар. Әр түрлі ақпарат көздерінен жаңа білімді өз бетінше алады.

Қазіргі заманының әрбір мұғалім АКТ дағдыларына ие болуы және оларды тәжірибеде тиімді қолдана білуі керек деп ойлаймыз. Сабақ барысында АКТ технологияларын пайдалана отырып, мұғалім оқушылардың ойлауын, есте сақтауын, зейінін, сөйлеу қабілетін үнемі дамытып отырады.

«Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, адамзаттық және басқа да көптеген келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді дамытуына көмектеседі.

Оқыту технологиясын таңдап, іріктеу – оқушының оқу-танымдық іс-әрекетін басқарудың негізгі бір буыны», – деп нақтылап айтқан. Сондықтан, әрбір технологияның өзіндік әдіс-тәсілдерінің тиімділігін мұғалім сыныптағы оқушылардың қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай қолданады. [4, б. 11] Біз сабақтарымызда сыни тұрғыдан ойлау, пікірталас технологиясының элементтерін, интербелсенді әрекеттер технологиясын, проблемалық оқыту, жобалау және дамыта оқыту, сатылай кешенді талдау технологияларын тиімді қолданып келеміз. Қазіргі заман талабына сай оқушы бірінші орында болады, мұғалім сабаққа текбағыт беруші. Оқушылар алдын ала берілген тапсырмалар арқылы өздік, өзіндік талдау жасап, бірін-бірі бағалап, өз ойларын толық жеткізе алады. Сын тұрғысынан ойлау жобасы арқылы стратегияларды пайдалануда оқушылардың зерттеушілік пен ізденушілік әрекетін ұйымдастыруға жол береді. Оқушының білімге деген құштарлығын арттырып, өзін-өзі тәрбиелейді. Мұғалім оқушының дара ерекшеліктерін ескеріп, білім алуға қабілетін зерттейді. Оқушының тұлғалық негізінің ашылуына мүмкіндік береді. Біз әр сабақта жаңа технологиялардың тиімді әдістерін қолдана отырымыз. Сабақтарда белсенді оқу әдістерін «Текше», «Попс» әдісі, «Венн» диаграмма, «Кластер», «Синквейн», «Инсерт» графикалық органайзерлерді тағы басқа оқу тәсілдерін жиі қолданамыз. Бұл белсенді оқытудың әртүрлі формалары мен әдістері арқылы мұғалім үйлестіретін оқыту мақсаттарына қол жетеді. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін осындай тиімді әдістердің пайдасы мол. Бұл сабақтардың дәстүрлі сабақтардан өзгешелігі анық. Жаңа технологияларды қолданған кезде оқушылар жеке, жұпта, топта жұмыс істейді, ойларын ортаға салып талдайды. Оқушылар осындай стратегияларды пайдаланып өткізген сабақтарда өз ойын анық айтып, өзін еркін ұстап, өз білімін өзі талқылайды.

Сөйлеу әрекеті – тілді үйрену жолындағы маңызды баспалдақ, қажетті шарт қана емес, ол – адамзаттың қоғамдағы орнын, қызметін көрсететін күрделі әрекет. Өйткені, сөйлеу әрекеті адамдық қасиетті білдіретін басты өлшемдердің бірі. [5, б. 32] Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда коммуникативтік мақсатқа жетуде ауызша сөйлеудің маңызы үлкен. Оқушыны сөйлеуге үйрету үшін оқыту әдісі жағдайлық әдіс болуы керек. Жағдайлық сөйлеуге үйрету үшін қажетті жағдайларға мыналарды жатқызуға болады: «көз алдыға елестетіп көр», «қиялдап көр» деген сияқты тағы басқатапсырмалар арқылы жағдайлар құру, белгілі бір жағдайды жасайтын бейнеқарап, соның көмегімен сөйлеу, күнделікті өмірдегі болып жатқан жағдайға ұқсас нәрселерді талдау. Қазақ тілін оқытуда коммуникативтік мақсатқа жетуде ауызекі сөйлеудің рөлі өте зор. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда тілдік тіректер арқылы оқушылардың білім, білік дағдыларын дамыту басты мақсат болып саналады. Оқушыларды қазақ тілінде тілдік тіректер арқылы монолог, диалог түрінде сөйлеуге үйретсе, онда оқушылардың сөйлеу қабілеттері, танымдық қызығушылықтары арттады. Оқушылар мәтінмен жұмыс жасау кезінде шығармашылық дағдылары қалыптасып қана қоймай, қазақ тілінде еркін сөйлеуге тырысады.

«Сатылай кешенді талдау» технологиясы дегеніміз – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушылар мен студенттерге білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Сатылай кешенді талдау оқушылар мен студенттерге қазақ тілі ғылымының мазмұны мен жүйесін, оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысын, сөйлеу тілінің байлығын және әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастырумен қатар танымдық қабілетін дамытуға басым бағыт беріледі. [6, б. 9] Олар алған білімдерін қажетіне қарай орынды қолдана алады. «Сатылай кешенді талдау» технологиясының басты қағидаларының бірі – жоғары қиындықта оқыту. «Сатылай кешенді талдау» технологиясы – тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейтін, білім алушының жалпы тұлғалық дамуына, есте сақтау, ойлау, қиялдау, елестету сияқты басқа да танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына және шығармашылық әлеуетінің жоғары деңгейде жетілуіне бағытталған оқытудың түрі болып саналады.

«Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу» стратегияларын сабақта пайдаланғанда мұғалім мен оқушы тең дәрежеде болады, оқушылар өз пікірін еркін айта үйренеді, оқыту үдерісіне барлық оқушылар белсене қатысады, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға жағдай жасалады.

Ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, оқу үдерісінің ерекшелігі–оның жеке қабілеттері мен қызығушылықтарына сүйене отырып, білім беру үдерісін құратын оқушы іс–әрекеттің орталығы боп саналады. Мұғалім негізінде көмекші және кеңесші ретінде әрекет етеді. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнен арнайы дайындық пен ізденісті, асқан кәсіптік шеберлікті, функционалдық сауаттылықты талап етеді. Сабақ барысында педагогикалық технологияларды қолданғанда, кез келген сабақтың соңы қорытынды жасалып, бағамдалып, бағаланып отырылуы қажет.

Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үдерісінде қолдану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алуға болады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда оқытушы белсенділігі, шығармашылық, ізденіс, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. [7, б. 62]

Қорыта келгенде, мұғалім оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс–әрекет жасау алатын, өз пікірін еркін айта және дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, әрдайым ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, жан–жақты дамыған өскелең ұрпақты дайындау керек. Осы мақсатта жаңа технологиялық әдіс – тәсілдерді пайдалану мәні өте зор. Ақпараттық технологиялар арқылы оқыту үрдісінде оқушылардың білім қорын молайтуға, белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Жаңашыл мұғалім ой өрісі дамыған, бәсекелеске дайын, ұлтжанды өскелең ұрпақты тәрбиелейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан мектебі» №4 2018 ж 17–20 б.
2. «Тәрбие құралы» республикалық ғылыми–педагогикалық журнал №6 2018 ж. 5–6 б.
3. «Қазақстан мектебі» №11, 2014 ж. 6–7 б.
4. «Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» ғылыми–әдістемелік журнал 2019 ж. №2 11 б.
5. Республикалық ғылыми–әдістемелік журналы «Средняя школа Казахстан Қазақстан орта мектебі» №9–10, 2022 ж. 32–34 б.
6. «Қазақстан мектебі» 2010 ж. №9 7–10 б.
7. Қазақ тілі мен әдебиеті» республикалық ғылыми–әдістемелік басылым. №5 2022 ж. 62–63 б.

УДК 372.881.111.1

INTEGRATION OF ONLINE RESOURCES INTO A MODERN ENGLISH LESSON

Зюбан Вячеслав Владимирович
педагог–модератор, учитель английского языка
КГУ «Общеобразовательная школа №5
им. Б.Момышулы отдела образования города Костаная»
г.Костанай, Казахстан
E–mail: z_v_2312@mail.ru

Abstract

The article raises the issue of using Internet platforms in English lessons in order to increase the interest and motivation of students. The author pays attention to the widespread introduction of the Internet into the life of everyone and its limitless possibilities. The question is also raised about the new format of lessons and the role of the teacher in accordance with the updated education system. The article explores the advantages and disadvantages of using online platforms in the classroom and their impact on student performance.

Key words: *English, updated system, technology, online platforms, motivation.*

Аңдатпа

Мақалада оқушылардың қызығушылығы мен ынтықтарттыру мақсатында ағылшын тілі сабақтарында интернет–платформаларды пайдалану мәселесі көтеріледі. Автор интернет желісін әркімнің өміріне кеңінен енгізуге және оның шексіз мүмкіндіктеріне назара ұдарады. Сондай–ақ жаңартылған білім беру жүйесіне сәйкес сабақтың жаңа форматымен мұғалімнің рөлі туралы мәселе көтеріледі. Мақалада онлайн платформаларды сабақтарда пайдаланудың артықшылықтарымен кемшіліктері және олардың оқушылардың өнімділігіне әсері зерттеледі.

Түйінді сөздер: *ағылшын тілі, жаңартылған жүйе, технология, онлайн платформалар, мотивация.*

Аннотация

В статье поднимается вопрос использования интернет–платформ на уроках английского языка с целью повышения заинтересованности и мотивации учащихся. Автор уделяет внимание широкому внедрению сети Интернет в жизнь каждого и его безграничным возможностям. Также поднимается вопрос о новом формате уроков и роли учителя в соответствии с обновленной системой образования. В статье